

# АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№27  
(897)

Бейсенбі, 9 шілде 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

## Мереке мезеті

### АСТАНА - ҰЛТТЫҚ МАҚТАНЫШЫМЫЗ!

Астана – алты алаштың, қазақтың айбары. Қазақ елінің, қазақ жерінің бас қаласы – Астана деген уақытта арман қала, ару қала, Ел ордасы деген тіркестер ғана емес, Астана саммиті, Астана форумы, Дестүрлі діндер съезі, Еуропадағы қауіпсіздік, ынтымақтастық ұйымдар деген атаулар есіңе жиі оралады.

Сөз жоқ, бұл Астана кезеңді оқиғаның дүбірлі ордасы екендігін көрсетеді. Төрткүл дүниеде орын алып отырған түрлі маңызды мәселелердің талқыланып мұнда шешімін табуы, әлемдік тұрғыда ірі саяси орталыққа айналғандығын паш еткендей. «Астана келбеті – ұлт келбеті. Біздің Астанамыз қай жағынан қарағанда да кісі қызығарлықтай, Шығыстың да, Батыстың да айшықтарын қатар қабыстырған қалаға айналып келеді» деп Мемлекет басшысы айтқан



Астананың туған күні.

Астана күнін біздің айыртаулықтар да ерекше сезіммен атап өтті. Осы күнгі мерекелік шара Саумалкөл ауылындағы ықшам ауданда «Алтын Адам» скверінің салтанатты ашылуынан бастау алды. Салтанатты жиында ықшам ауданның тұрғындарын айтулы оқиғамен құттықтаған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Бұл жобаның іске асырылу маңызы барлығымыз үшін зор. Тұрғындардың тек демалыс орны ғана болмай, жастардың бойларында патриотизм сезімін оятып, туған өлкеге сүйіспеншілігін арттырады және де ауылдарды көріктендіру аясында жүргізіліп жатқан іс-шаралардың тағы бір дәлелі, бұл алаң жергілікті тұрғындардың сүйікті жеріне айналатынына күмәнім жоқ» - дей келе, баршасына зор денсаулық, отбасының бақытын тіледі.

Сонан соң аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы еңбек ардагері Керібай Жақыповпен бірге «Алтын Адам» мүсінінің шымалдығын ашты.

Сонымен қатар Астана күніне арналған «Алтын Адам» скверінің жанынан бастау алған ауданның велосипедшілерінен құралған спортшылардың веложүрісі Саумалкөл ауылының орталық көшелерімен жүріп өтті.

Салтанатты шарадан соң аудан басшысы Саумалкөл ауылында тұратын жалғызбасты еңбек ардагерлері Мария Житник пен Сәлима Бақсиналардың үйлеріне арнайы барып, оларды айтулы мерекелерімен құттықтап, азық-түлік пакеттерін тарту етті.

Мария Никитична Житник 1929 жылы дүниеге келіп, 7-сыныпты бітірген соң, Ұлы Отан соғысы жылдарында көпшілікпен бірге еңбек майданына араласады. Кирилловка ауылдық кеңесінде хатшы болып қызмет атқарған Мария Житник бірнеше мәрте ауылдық кеңестің депутаттығына сай-

ланады. 28 жыл «Ауыл шаруашылығы техникасы» кәсіпорынында есепші болып істейді. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерен еңбегі үшін «Тың жерлерді игергені үшін» және мерекелік медальдармен марапатталған. Отбасында екі бала тәрбиеленп өсіріп, немере мен шөберелер сүйіп отыр.

Ал Сәлима Қожақанқызы Бақсина 1942 жылы дүниеге келген. Құрметті еңбек демалысына дейін үздіксіз бұрынғы Рузай ауданына қарасты «Уәлиханов» кеңсінде 41 жыл сауыншы болып қызмет еткен. Еңбек еткен жылдары өзінің алғырлығымен, еңбекқорлығымен үздіктер қатарынан көрініп, 16 жыл бойы аудандық Кеңестің депутаты болып сайланған. Өмірлік жары, отағасы бұл өмірден бақылыққа оза дағы, Сәлима апай әлі де тың, үй шаруасындағы істерге де өзі араласады. Қолы босаған кездерде, үйіне келген жандармен қалжыңдасып жататын әдеті де бар.

Келесі мерекелік салтанат аудан орталығындағы алаңдағы мерекелік шараға ұласты.

Аудан басшысы ең алдымен алаңда қанат жайған ауылдық округтердің және аудан кәсіпорындарының жәрмеңкесін, аудан мектептері мен бала бақшаларының Астана күніне арналған суреттер мен қолөнер көрмелерін тамашалады.

Алаңға жиналған айыртаулықтарды Елордамыз Астана күнімен құттықтаған аудан басшысы Ағзам Тастеміров: «Бүгінгі Астана – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығы арқасында Отанымыздың жеткен жетістіктері мен өркендеуінің айқын айғағы, қарқынды дамуымыздың, береке-бірлігіміздің жарқын көрінісі, тәуелсіз Атамекеніміздің жаңа тарихының шынайы шежіресі.

Жыл сайын өзгеріп, гүлденіп келе жатқан Елордамыз қонақтарды өзінің көркімен баурап, Еуразияның ең көрікті қалаларының біріне айналды. Бүгінгі Астана – тула бойында Шығыс пен Батыс мәдениетін тоғыстырған,

бүкілғаламдық дипломатияның, Еуразия кеңістігіндегі интеграцияның орталығына айналған бірегей қала.

Еліміздің бас қаласы әлем елдерінің басшылары бас қосып, жаһандық мәселелерді шешетін, бейбіт бастамаларды іске асыратын халықаралық саясаттың ордасы. Бұның дәлелі маусым айында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V Съезі.

Астананың дамуына тағы да серпінді күш болатын ЭКСПО - 2017-нің Қазақстан халқы үшін маңызы зор. Бұл әлемдік қоғамдастықтың орасан зор сенімінің, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жүргізген саясатқа берілген жоғары бағаның айғағы» - дей келе, көпшілікті Астана күнімен құттықтап, ізгі ниетпен зор денсаулық, отбастарына амандық, береке-бірлік тіледі.

Құттықтаудан соң аудан әкімі Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан халқы Ассамблеясының төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Алғыс хатын «Видеобұрт» неміс ұлттық мәдени орталығының жетекшісі Валентина Тиденбергке табыстаса, Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің Құрмет грамотасымен аудан әкімінің орынбасары Мафруза Науанова, облыс әкімінің Алғыс хатымен аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Айдос Ідісовтер марапатталды.

Ал қызметтік міндеттерін абыроймен атқарғандары үшін және Астана күнін мерекелеуге байланысты аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен орталық аудандық аурухананың кадр қызметінің басшысы Райхан Дүйсенбаева, ауданның жер қатынастары бөлімінің басшысы Нұрлан Төребеков, ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Гүлнар Өтеулиналар марапатталса, аудан басшысының Алғыс хаты Агротехникалық колледж директорының орынбаары Зәуре Әбілмәжіноваға, «Гормолзавод» ЖШС директорының міндетін атқарушы Саят Жақсылықовқа және білім бөлімінің әдіскері Дана Махамбетоваларға табысталды.

Салтанатты марапаттаудан кейін мерекелік шара ауданның көркемөнерпаздарының құшімен дайындалған концертіне ұласты.

Арманға айналған Астана бүгінгі таңда елдіміз бен тәуелсіздігіміздің белгісін айшықтай отырып, қазақтың атын әлемге танытты. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени және экономикалық мәселелер, саясат жөнінде кездесулер өтетін еуразиялық кеңістіктің орталығы, жаңа әрі жылдам дамудағы Қазақстанның гүлденуінің символы болып табылатын Астана – ұлттық мақтанышымыз.

Отанымыздың жүрегі, Тәуелсіздігіміздің тірегі болашақтың қаласы болған Елордамыз Астананы туған күнімен құттықтап, алдағы уақытта да гүлденіп, көріктеніп, асқақтай бер деген тілек айтып, ізгілікті шаралардың негізгі бастамашысы, ұйытқысы бола бер демекпіз!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.  
Суреттерді түсірген автор.

## Мерекелік тарту

### ЖАҢА НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Мемлекеттік мереке – Астана күні қарсаңында ауданымызда бірқатар сауда және өнеркәсіп нысандары ашылды. Аталмыш нысандардың салтанатты ашылуы рәсіміне аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров қатысты.

Әсем табиғаты мен тарихи-мәдени орындарының көптігінің арқасында Айыртау ауданы туризмді дамытуға өте қолайлы жер. Бұл саланы дамыту жөніндегі жұмыстар мемлекеттік органдар мен бизнес құрылымдарының бірлескен күштерімен жүзеге асырылуда. Экономикалық жағынан алып қарасақ, туризм мол табыс көзі болып табылады. Ауданымызда аталмыш сала іскер бизнесмендердің арқасында жылдан жылға дамып келеді. Осының айқын айғағының бірі ретінде, Астана күні қарсаңында «Солнечный VIP» демалыс аумағында жаңа кешенді нысан пайдалануға берілді. Заманауи үлгіде салынған ғимараттың бірінші қабатында жүз кісілік дәмхана орналасса, екінші



қабатында демалушыларға арналған бөлмелер бар. Бөлмелер талапқа сай жабдықталған.

Жаңа нысанның таспасын салтанатты түрде қиған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы туризм саласын дамытуда өзіндік үлесін қосып жүрген іскер кәсіпкер Вадим Поморцев пен серіктестіктің атқарушы директоры Болат Хасеновке алғысын білдіре отырып, аталмыш оқиға еліміздің жалпыұлттық мерекесі – Астана күні қарсаңында өткізіліп отырғандығымен ерекшеленетіндігін атап өтті.

Осы күні Имантау ауылында жаңа сауда-өнеркәсіптік кешені салтанатты түрде ашылды. Бұл кешен енді балық және ет өнімдерін қайта өңдеумен, пластикалық терезелер өндірісімен және азық-түлік өнімдерін сатумен айналысатын болады. Бағалары да нарықтағыдан әлдеқайда төмен болмақ. Жиырма шақты адам тұрақты жұмыс орнымен қамтамасыз етіледі.

Сауда-өнеркәсіптік кешеннің иесі – ауданымыздың Құрметті азаматы Идрис Кузахметов. Ауданымыздың әлеуметтік саласын дамытуға айтарлықтай үлесін қосып жүрген бұл кәсіпкер Имантау ауылында жаңа мешіт пен өрт сөндіру депосын салып, жаңадан өрт сөндіру машинасын да алып берген болатын. Азқамтылған жанұялар мен жалғызбалалық зейнеткерлер де бұл азаматтың назарынан тыс қалған



емес, оларға ұдайы кәсіпкер тарапынан қолдау көрсетіліп отырады.

Бұл күні Шалқар ауылының тұрғындары да жағымды жаңалықтың куәсі болды. Жас кәсіпкер Ербол Махметов шалқарлықтардың игілігі үшін «Көкшетау-Чистополье» бағытындағы автожолдың бойынан «Жаз» дәмханасы мен автокөліктерге қызмет көрсету станциясын пайдалануға берді. Дәмхана ішінің безендірілуі көз тартады. Еденнің орнына әдемілеп нақышталған табиғи тастар төселген.

Ағзам Ахметжанұлы өз сөзінде «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Президентіміз Н.Ә. Назарбаев кәсіпкерлікті одан әрі қолдау жөнінде нақты тапсырмалар бергендігін, 2050 жылға қарай ішкі айналым өнімінде шағын және орта бизнестің үлесі елу пайызды құрайтындығын айта келіп, осындай игі іс атқарғаны үшін Ербол Махметовке ризашылығын білдірді. Аталмыш нысандардың құрылысы үшін 4,5 млн. теңге жұмсалды. Кем дегенде 5 жұмыс орны ашылады.

Аудан әкімі сондай-ақ «Мұқанов» жеке кәсіпкерлігінің киіз үйінде де болды. Киіз үй ұлттық нақышқа сай безендірілген, қабырғаларға ілінген түрлі-түсті оюлар мен аң терілері өзіндік бір сән беріп тұр. Жол үстінде жүрген жолаушылар енді киіз үйден балдай қымыз ішіп, тіл үйіреп тағамдардан дәм тата алады.

Жанат СӘБИТОВ.  
Суреттерді түсірген автор.



## Әдебиет

# АБАЙ ЖӘНЕ ДІЛ МӘСЕЛЕСІ

Діл, менталитет – адамдардың белгілі бір қоғамдастығына тән нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез-құлықтардың және іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін ұғым. Діл мәдени бірегейленумен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты. Адам баласы тумасынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этникалық, мемлекеттік, өркениеттік, т.б.) көбінесе, бәз қалпында, дайын күйінде қабылдайды. Еркін таңдау қабілеті, негізінен, шығармашылық қарымы, жасампаздық дарыны мол тұлғаларға тән.

Діл «біз және біз емес» деген ажыратушы оппозицияға негізделеді. Діл әр түрлі адамдардың дүниедегі заттар мен құбылыстарды біркелкі таңбалар мен рәміздер арқылы бейнелей алу қабілетімен ерекшеленеді. Осы біркелкілік адами қоғамдастықтардың ортақ табиғи-тарихи ортада қалыптасуымен де, мәдени сабақтастық нышандарымен де тікелей байланысты болады. Мысалы, еуразиялық Ұлы Даланы қоныстанған көшпелі халықтар ұрпақтарының діліне көптеген ортақ белгілер бар.

Ділге берілген анықтама бойынша «біз және біз емес» деп қарайтын болсақ, ұлттар арасындағы ең алдымен көзге түсетін және басты ерекшелік – әр халықтың өзіне тән ана тілі болмақ. Екінші ерекшелік сол ұлттың ұстанатын дінінен көрінеді. «Діл мәдени бірегейленумен және тұлғаның өзін-өзі белгілі бір мәдени ортада сезіну деңгейімен байланысты» деген тұжырымға келсек, жаңа туған бала ортасына қарай қолданыстағы дінді еріксіз қабылдайтын болады. Өйткені дүние есігін енді ашқан сәбиді өлі ақыл-ойы толмай тұрғанда-ақ ата-анасы өздері ұстанатын дін негізінде тәрбиелей бастайды. Осыдан көрінетін ой: ділді қалыптастыратын негіздер – тіл және дін деп ойлауға әбден қақымыз бар сияқты.

Ана тілі туралы, нақтылап айтсақ, қазақ тілі туралы айтылған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, ойлар мен пікірлер, толғаныстар мен тебіреністер, сүйініп айтылған, күйініп айтылған әр алуан лебіздер баршаңызға жақсы таныс деп ойлаймын.

Сондықтан біз осы баяндамада тіл мәселесін кейінірек қоя тұрып, ділді қалыптастыратын, дамытатын және орнықтыратын факторлардың бірі ретінде дін жайында сөз қозғамақпыз.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Уәлиханов: «Мұсылмандық әзірше біздің сүйегіміз бен қанымызға сіңіп бола қойған жоқ. ...қазақтарда шамандық салт-сана мұсылмандық наныммен мидай араласып, ортақ – мұсылман атты дінді құрайды. Қазақтар, әуелде, Мұхаммедті білмей тұрғанда да Алла мен тәңірге бірдей табынып, мұсылман әулиелерінің басына құрбандық шалып, бақсылардың құдіретіне де сенді, пайғамбар ұрпақтары –қожаларды да құрмет тұтты. Халық отқа табынып, ал бақсылар болса, жын-перілерімен қоса, мұсылмандардың періштелерін де шақырып, Алланы да мадақтайды. Осылай екі дінді араластыра табыну ешқандай қайшылыққа жатпаған, қазақтар екеуін де қосып ұстаған,»-деп жазған екен.

«Бірінші Тұлға (Алла) абсолюттік мағынада ең сұлу, ең сәулетті, ең көрікті болғандықтан және Оның өз мәнін пайымдауы неғұрлым жетілген пайымдау, ал оның білімі ең жақсы білім болып табылатындықтан, Бірінші Тұлғаның (Алланың) бастан кешіретін рахаты біз өзіміз мәніне жете алмайтын рахат болады,»-депті «әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама Әл-Фараби бабамыз.

Діл жайында «Адам баласы тумасынан құндылықтар жүйесін (отбасылық, топтық, этникалық, мемлекеттік, өркениеттік, т.б.) көбінесе, бәз қалпында, дайын күйінде қабылдайды. Еркін таңдау қабілеті, негізінен, шығармашылық қарымы, жасампаздық дарыны мол тұлғаларға тән» деген тұжырымға сүйенсек, ділдің сақталуына, дамуына жеке тұлғалардың тікелей қатысы бар болып шығады. Осы орайда қазақ халқының менталитетіне Абай қалай әсер етті деген заңды сұрақ туады.

Байқап отырғанымыздай, Ислам діні қазақ даласына IX-X ғасырдан бастап қанатын біртіндеп жайды дегеннің өзінде өте баяу таралғанын көреміз. Оның себебі, біріншіден, этнограф-ғалым Ш.Уәлиханов атап көрсеткендей қазақтың дінге қырсыздығының белгісіндей әрі шамандықты, әрі мұсылмандықты қатар алып жүруінен көрінсе, екіншіден, Әл-Фараби бабамыз таңбалағандай, терең білімсіз Алланың хикметін сезу, түсіну адам баласына оңай еместігінде, ал Алланың шексіз құдіретіне көз жеткізуге адам баласының санасы жете алмайтындығында жатыр. Сондықтан да қазақ халқының ділі мәселесінде Ислам дінінің тікелей әсері болғанмен, дінді терең пайымдау қазақ даласында Абайға дейін болған жоқ деп айта аламыз. Себебі Абайға дейінгі Алланы мадақтаған, дінді насихаттаған әдеби туындылар Аллаға сену жайында жырлағаны болмаса, Алланы тану жайында нақ Абайдың деңгейінде, Абайша тереңдеп бара алған жоқ. Құранды арабша түпнұсқадан түсіне отырып, тереңіне бойлай отырып оқыған Абай – мұсылманшылықтың бес парызбен шектелмейтінін, мұсылманшылық дегеніміз өмір сүру салты, өмірлік тозбайтын адамшылық қалпы екенін жан-тәнімен түсінген, соны барынша қопара зерттеп, айқын да түсінікті етіп жазып кеткен ғұлама. Хакім – рухани кемелдік сатысына көтеріліп, бақи мен фәнидің сырын ұққан, Алланың хикметін көңіл көзімен барлай білген, барлық ғылымның негізі, ақиқаттың көзі – Жаратушы Алла екенін түсіне білген адам. Қоғам қайраткері Бекболат Тілеухан бір сұхбатесінде: «Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым,»- деген Абайдың өз сөзін келтіре отырып, Абайды хакім деп бағалайды.

Қазақ халқы – мұсылманшылықты қатты ұстанбаса да, негізгі өмір сүру салты имандылыққа құрылған халық екені баршаңызға аян. Сәулетті мешіттер салып, күңіrentіп құран оқымаса да, ата-бабамыз «обал» және «сауап» деген екі ұғымның аясында өмір сүргені шындық. «Алаштың алмас қылышы» атанған атақты жазушы М.Мағауиннің жазуы бойынша ІІІ Түркі Қағанатын құрған, кейінгі Қазақ Ордасының негізін салып, Түркілік ділдің өшіп кетпеуіне өлшеусіз қызмет еткен Ерен Ер Шыңғысхан заманынан бері қарай адамшылық, арлылық, әділдік қасиеттерін ардақ тұтқан, елін-жерін қорғау, ата-ананы сыйлау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, арып-ашып келген құдайы қонаққа астындағы жалғыз атын мінгізіп жіберетін мәрттік пен жомарттық секілді асыл мінезге ие қазақ халқы орыс империясының «бөліп ал да, билей бер» саясатымен уланып, ру-руға бөлініп, Абайша айтқанда «бас-басына би болған өңкей қиымның» заманында дүниеге құл болып, байлық пен мансап қуып, өзінің табиғи болмысынан, сан ғасырлар бойы қалыптасқан асыл ділінен ажырай бастағаны ақиқат.

Данышпан Абай өзінің «Қырықыншы сөзінде» қазақтың қанына сіңіп, діліне айналып бара жатқан жағымсыз мінез жайында былай дейді: «...Жаттың бір тәуір кісісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да танымайтұғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап, қайтып келген соң сол барған, көрген елің, жерін мақтап, өтірікті сыбайтұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алыспайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай? Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп, ұқпай тынбайтұғыны қалай?» - деп келеді де, «Қырық бірінші сөзінде»: «Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі – бек зор өкімет, жарлық қолында бар кісі керек....

...Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек... Қазақты я қорқытпай,



я параламай, ақылменен не жырлап, не сырлап айтқанменен ешнәрсе өндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, гүілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма – сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да бұрыла алмайды, егер сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды, не көңілі, не көзі алаңдап отырады. Енді не қылдық, не болдық!»- деп түңіледі.

«Отыз сегізінші» сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: Әуелі – надандық, екіншісі – ерішектік, үшінші – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды,» - деген екен Біз, көбінесе, қазір жұрттың бәрі сауатты, мектеп қабырғасын көреді, демек, біздің ішімізде надан адам жоқ деп ойлаймыз. Шындығында мүлде олай емес! Надандықтың белгісі, ең әуелі, он сегіз мың ғаламды жаратқан бір Алланы танымау деп білемін. Хакім Абай «Отыз сегізінші» сөзінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана жәліб мәңфағат, дәфғы мұзарратларны айырмалық секілді ғылым-білім үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады,»- деген. Яғни, «жәліб мәңфағат» - кіріс кіргізу, пайда алуден қатар, «дәфғы мұзаррат» - залалдыдан қашуды айырса, баладан үміт етуге болады дейді. Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңіндегі: «Білгенге – маржаң

Білмеске – арзаң  
Надандар бәһра ала алмас,»- дегені осы болмақ. Абайдың топшылауында адамның білімділігінің белгісі алдымен Алласын танымақтық, содан кейін өзін танымақтық, осы екеуінен кейін барып дүниені танымақтық екендігін көреміз. Адамды қор қылатын үш нәрсенің біріншісі надандық дегенде, «қор болу» дегенді біз, негізінен, бұл дүниедегі қорлыққа қатысты қабылдаймыз. Шындығында, ең үлкен қорлық Алланың алдына надандықпен бару, яғни өзін жаратқан Алласын танымай, мойындамай бару болмақ.

«О да құдай пәндесі,  
Түспей көтер деймісін  
Тәңірінің құрған тезіне?!» дегенді Абай ақиқатқа көзі жеткесін айтқаны рас.

Ділдің қалыптасуы уақытпен, ғасырлармен дәуірмен жүзеге асады деп санасақ, қоғамды жасайтын адам болғандықтан, жекелеген тұлғалар қоғамдағы өзгерістерді, санадағы сілкіністерді тұғызатыны және рас. Әр заманның, әр халықтың ерекше құбылысы болып келетін, ортасынан, уақытынан озып туған дара пәнделердің өмірде көп болғанын білесіздер. Қазақ халқы үшін даналықтың асқар шыңы іспетті дара тұрған данышпан Абай өз тұсында ұлтымыздың діліне қатты әсерін тигізген, ұлттық менталитеттің оң бағытта дамуына өлшеусіз үлес қосқан бірден-бір ұлы тұлға екені даусыз. Абайдың ізін басқан шәкірттері, інілері, балалары; Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов сияқты Алаштың біртуар асылдары Абай тәлімімен ілім іздеу, ұлтқа қызмет ету, елдің болашағын жоспарлау секілді ірі іс-қимылдар барысында Ислам дінінің негізгі қағдаларын еш уақытта естен шығармаған болатын «Әлхамдиллаһ, алты миллион қазақпыз» дегенде ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов Аллаға мадақты білместікпен айтқан жоқ, «Бір Аллаға сыйынып, Кел, балалар, оқылық»

деген ұлттың ұлы ұстазы Ыбырай Алтынсарин де Алласыз бала оқытуға кіріспеген екен.

Біздің сорымызға қарай, қанқұйлы Совет заманында Алламызды ұмыттырып, асылдарымызды өз ұлтының қамын жегендері үшін ғана аяусыз оққа байлап, ұлттық діліміздің ұстыны болып тұрған Ислам дінін аяққа басып, өзімізді-өзіміз танымастай етіп қазақи санамызды өзгертіп жібергені бүгінгі таңда ешкімге құпия емес. Сонау XIX ғасырда Ресей патшалығының әкімшілік кеңсесінде «Қырғыз-қайсақ ордасын христиан дініне енгізу керек пе, әлде ертелік ете ме?» деген екі бағытта айтыс болғанда, миссионер отец Сергей деген Мәскеулік поп Семейде Абаймен жолығып, тартысқа түсіп, Абайдың біліміне көзі жетіп, дін тақырыбында жеңіліп қалған соң, қазақ даласында «Абайдай ғұламаның көзі тірі тұрғанда орынсыз баса-көктеп, ашық зорлыққа бара алмайсың» деп, қазақ даласына христиан дінін енгізу мәселесін кейінге қалдырғаны туралы жазушы Рамазан Тоқтаров «Абайдың жұмбағы» деген романында келістіріп жазады.

Ұлы жазушы, ғалым М.Әуезов Абай мұраларын зерттеу барысында Абайдың дінге қатысты өлеңдеріне баға бергенде: «...Біз Абайдың аузында алла менен оның арабша айтылған сипаттары қанша болса да, ақынның мұсылманшылығын шартты түрдегі мұсылманшылдық деп білеміз,»- дейді де, соған тиянақты дәлел ретінде Абайдың «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,» деген өлеңін келтіреді. Біз ұлы Мұқаңның Абай туралы жазған «Абай жолы» атты ұлы еңбегінің қандай қиындықпен, қысастықпен жарыққа қалай шыққанын жақсы білетіндіктен, бұл арада жазушы дінге қатысты Абайдың көзқарас-ұстанымын өте жақсы түсіне тұра, заманның ыңғайымен амалсыз басқаша қорытынды шығарып, «Абайдың мұсылманшылығы – шартты түрдегі мұсылманшылдық» деп баға берген деп ойлаймыз. Әйтпесе, жоғарыда келтірілген өлең Абайдың жаратылыс сырын түсінген, Алланың шексіз құдіретін шынымен таныған сипатын білдіретін өлең деп білемін. «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес, Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес. «Мені» мен «менікінің» айрылғаның «Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес,»- дегенде

Ислам дініндегі үлкен ақиқат – адам жанының мәңгілік екендігін әйгілейтін қуатты жырды Абай білместікпен шығарды деу әділдікке жатпайтыны анық.

«Өздеріңді түзелер дей алмаймың.

Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқың,»- деп данышпан Абай көрегендікпен айтқандай, отаршыл саясаттың заңды жалғасы болған, сорымызды қайнатқан Совет көзінде айрылған тілімізді, дінімізді, ділімізді әлі күнге дейін өз биігіне көтере алмай келеміз. Абай шығармашылығындағы:

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас,  
Рас сөз еш уақытта жалған болмас,»- деп келіп, соқырға таяқ ұстатқандай анық етіп таратып берген Ислам дінінің құндылықтары мен ақиқаттарын санамызға сіңіріп, зердемізге тоқымағандықтан, дінімізге адал да берік бола алмағандығымыздан, ділімізге ақау түсіп, сыртқы рухани экспанцияға жауап беру имунитетіміз төмендеп, ұлтсыздануға бой ұрып бара жатқанымыз өтірік емес.

«Кел жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық.  
...Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надаң  
Жалыналық, Абайға, жүр, баралық!»-

деп Абайдың шәкірті, ғұлама ақын Шәкәрім қажының айтқаны бүгінгі күні де бар қазақ баласын Абай мұраларын талмай зерттеп, санамен салмақтап, қайта-қайта оқып, Абай жырларының тылсын тұңғыығына тереңдей түсіп, тұңғыынан қана ішуге шақырып тұрғандай. Абайдың тапсыруымен Шәкәрім Құдайбердіұлының Ислам дінінің ақиқатын мойындаған

сол үшін өз ортасынан тепкі көріп, шіркеуден қуылған орыстың ой алыбы Л.Н.Толстойға хат жазуы, қажылық сапармен ілім іздеп жолға шығуы Абайдың дінге қаншалықты мән бергенін көрсетсе керек. Обалы қане, Совет заманында ақын Абайдың жырларын мектеп қабырғасында оқытып, насихаттауда толымды жұмыстар көп атқарылғанын жоққа шығара алмаймыз. Әттең, Абай шығармаларының тәрбиелік мәні мен көркемдік құпиясын тамсана талдағанмен, қазақ баласы үшін аса маңызды болуға тиіс, ақиқатты тануға бірден-бір жол салып беретін дін жайында ой толғап келіп, ұлтымыздың асыл ділін сауықтыруға бағытталған хакім Абайдың ойлы өлеңдері мен қара сөздерін мектеп қабырғасында талдап түсіндіруге атеизмнің салдарынан жол берілмеді. Осы орайда менің санамда мынадай бір сұрақ туады: «Абай данышпан ба, әлде данышпан емес пе? Егер Абайды данышпан десек, нөмен дәлелдейміз? Жалпы данышпандықтың белгісі неде?»

Жауап «Абай – данышпан!» Немесе «Абай – данышпан емес!» деген тұрғыда үзілді-кесілді болу керек. «Жартылай данышпан, жартылай данышпан емес» деген сияқты солқылдақтыққа жол жоқ.

Таратып көрейік.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының шығармаларымен танысудың толық курсы жалпы орта білім беретін мектептің 10-сыныбында жүргізілетінін білесіздер. Абайдың шығармаларын талдауда өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі мен тәрбиелік мәні қарастырылып келеді де, Абайдың шын дана екенін көрсететін, ақиқатты терең танытатын шығармалары жайлы мүлде сөз болмайды. Сондықтан мен төмендегі шығармалардың оқу бағдарламасына енгізіліп, арнайы қарастырылуын ұсынамын: «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман», «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңдері мен 12, 13, 16, 27, 28, 34, 35, 36, 38 және 45-қара сөздері.

Жалпы, Абайда тәңірі, құда, құдай, алла деп келетін шариғат қағидалары, ахирет және өмір мен өлім жайында айтылатын жекелеген сөздер мен сөз тіркестері, ойлар көп кездеседі. Бірақ біз шариғат жайын жеке тақырып етіп алған еңбектеріне ғана тоқталмақпыз. Біз Абайды, көбінесе, ойшыл ақын деп қана танытынымызды мойындауымыз керек. Дана, данышпан, хакім Абай дегенді ауызбен айтамыз, бірақ іс жүзінде сол пікірдің өзіне мән бермейміз. Абайды дана дегенде неге сүйенеміз? Әрине, ақиқатты айта білгені үшін, ақиқат жолымен өмір сүргені үшін айтқан болуға тиіс едік. Екіншке орай, менің шамалауымша, олай емес! Бұны мен «әзірше» деп ойлаймын. Бірақ бұл «әзірше» қашанға дейін созылады – ол Сіздер мен Біздердің қолымызда сияқты. Ойымызды дәлелдеп көрейік:

«Лай суға май бітпес қой өткенге» деген өлеңде:

...Күнi-түнi ойымда бір-ақ тәңірі,  
Өзіне құмар қылған оның әмірі.  
Халиққа\* мақлұқ ақылы жете алмайды, (халиқ – Жаратушы)

Оймен білген нәрсенің бәрі – дәһрі\*. (дәһрі – дінсіз)

...Мекен берген, халық қылған ол лә мекән\*, (лә мекән – мекенсіз, орынсыз)

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және оған қайтпақсың, оны ойламай,

Өзге мақсат ақылға тола ма екен?- дейді Абай.

Бұл жолдардағы негізгі ой, яғни өзінің жаратылысы туралы білгісі келу, адам баласының санасы толыққан кезде өзіне-өзі қоятын ең үлкен, ең маңызды сұрағы деп білемін. Өзінің түп иесін іздеу, қайдан келдім, қайда барам деп толғану пәнденің саналы адам деңгейіне көтерілгенін көрсетсе керек. Ақын Абай:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап күлмес.

«Мені» мен «менікінің» айрылғаның

«Өлді» деп ат қойыпты өңшең білмес,»- деп адам жанының мәңгілік екендігін қуаттайды. (Адам қайтқанда қазақ: «жан өлді» демейді, «жан шықты» дейді).

Жалғасы 4-бетте.

Әдебиет

# АБАЙ ЖӘНЕ ДІЛ МӘСЕЛЕСІ

## Жалғасы. Басы 3-бетте.

Адам жаны мәңгілік болғандықтан, мәңгілік тозақ, мәңгілік жұмақ деген ұғымдар пайда болатыны көрінеді.

«Көк тұман – алдыңдағы келер заман» өлеңінде:

...Ақыл мен жан – мен өзім,  
тән – менікі,  
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.  
«Мен» өлмеске тағдыр жоқ  
өуел бастаң  
...«Менікі» өлсе – өлсің, оған бекі.  
...Адам ғапыл\* дүниені дер «менікі»,  
(ғапыл – өтпелі дәурен)  
«Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі.

Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,  
Сонда, ойла, болады не сенікі? – деп жанның мәңгіліктігін тағы еске салады.

«Алла» деген сөз жеңіл  
Аллаға ауыз қол емес.  
Ынталы жүрек, шын көңіл –  
Өзгесі хаққа жол емес.  
...Ақылға сыймас ол алла,  
Тағрипқа\* тілім, аһ, қысқа!  
– түсіну, білу, анықтау)  
Барлығына шүбәсіз,  
Неге мәужүт\* ол куә,- (мәужүт – бар нәрсе) деп келесі бір өлеңінде алланың адам санасы жете алмайтын шексіз құдіретін айта келіп, аллаға таза ниетпен, шын көңілмен мойын бұруды насихаттайды.

Жоғарыдағы дін жайын сөз еткен өлеңдерінің түйіні іспетті 1902 жылы жазған «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деп басталатын көлемді жыры ислам дінін өте қысқа түрде, айқын да анық етіп тұжырымдап берген танымдық мәні аса жоғары өлең деп білемін. Бұл өлеңде алланың хақтығы мен пайғамбарлар туралы, Исламның парыздары мен шынайы мұсылмандықтың қалай болуы керектігін айта келіп, әсіресе:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол алпаны жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және сүй хақ жолы деп әділетті.  
...Руза, намаз, зекет, хаж –

талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті  
Қылғанменен, татымды бермес  
жеміс,- дегені және осы айтылған ойларды Абай өзінің өмірлік кредосына, мызғымасқағидасына айналдырып өмір сүргені оның шын данышпандығының, шын хакімдігінің айғағы деп білемін. Расымен-ақ, адам баласын соншалық мейірім-махаббатпен жаратқан алласын сүймеу, жалпы адамзатқа қас болу және әділетті қолдамау пенде баласының хас надандығының бірден-бір белгісі болса керек.

Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,  
Бөндесіне қастықпен кінә қойма,  
Распен таласпа мұмин болсаң,

Ойла, айттым, адамдық атын жойма!- дегені ғылым-білімді игерген әлемдік масштабтағы ғалымдардың озық технология мен жетілген техниканың арқасында ғаламның жаратылысы мен құпиясын тереңдей зерттеп, Қасиетті Құранда айтылған алланың хикметтерінің сансыз сырларына көз жеткізіп отырған ХХІ ғасырда кей адамдардың, әсіресе кей қазақтың өлі күнге дейін Ислам діні – дүниенің жаратылуы жайындағы кезекті бір болжам немесе молдалардың ғана шаруасы, әйтпесе ерікпен шалдардың ермегі, кейде елді ұстаудың құралы ғана, болмаса адамдар арасындағы қатынасты реттейтін заңнамалық құрал деп қарайтын таяз түсінігін сынай отырып, бізге жасаған алдын-ала ескертпесі сияқты.

Дін мен ғылым мәселесінде Біз осы жерден екіге жарылатын сияқтымыз: біріншіден, Алланың хикметін түсініп, бізге таратып айтып кеткен Абайды шынымен данышпан деп немесе Абай данышпан емес, өйткені дін жайында айтқандары ақиқатқа жанаспайды, себебі дүниенің жаратылу құпиясы әлі ашылған жоқ деп қараймыз.

Егер Абайды шынымен данышпан дейтін болсақ, онда орта мектептерде оқытылып жатқан жаратылыстану пәндеріндегі «дүние кездейсоқ жаратылған» және «адам баласы эволюция жолымен пайда болған» деген жалған ілімнен бас тартуымыз керек.

Керісінше, дарвиншілдікпен жүретін болсақ, Абай данышпан емес, бар болғаны ойшыл ақын ғана деп бағалауымыз керек. Осыдан 150 жыл бұрын ұсынылған Дарвин ілімінің қазіргі күнгі нанотехнологияны айтпағанда, қарапайым палеонтология ғылымы тұрғысынан да ешқандай сыңға төтеп бере алмай, Дарвиннің ілімін қуаттаушы ғалымдардың өзі тығырыққа тіреліп,

табиғи сұрыпталу дегеннің мүлде қисынсыздығын мойындап отырған кезде, біздің елімізде әлі күнге дейін түкке алғысыз болып қалған дарвинизммен және атеистік көзқараспен жазылған оқулықтар бойынша оқушы санасына жалған ілім негізін қалап жатқанымыз түсініксіз. Сөйте тұра жастарды имансыз, адасып жүр, басқа дінге еніп жатыр деп кінәлаймыз. Кінә жастарда емес, олардың басын қатырып қойған бізде – мектепте, нақты айтсақ, оқулықта деп санаймын. Абайды данышпан дейміз де, жаратылыс сыры туралы, өмір сүрудің мәні мен өлімнің мағынасы жайындағы қандай терең ойларын, бұлтартпайтын дәлелдерін қаперге алмаймыз. Осынымызбен өзімізге-өзіміз қарсы келеміз.

Сондықтан мен болашақта қазақ мектептеріне арнап жаратылыстану пәндері оқулықтарын қайта жазуды және дүниенің жаралуын қазіргі ғылыми дәлелдемелерге сәйкес алланың жаратқанын мойындап, эволюция заңы дегенді ұмытып, жер бетіндегі жан-жануарлар, өсімдіктер һәм адам баласының бір сәтте, толық түрде аса көркемдікпен асқан шеберлікпен әрі ерекше махаббатпен жаратылғанын оқытуды ойластыратын кез келді деп ойлаймын.

Бас жоғары жаралған, мойын төмен  
Қарашы, дене біткен ретімен  
Істің басы – ретін танымалдық,  
Иман білмей, тағатты қабыл демен- деп дана Абай айтқандай, істің ретін білмей, құр долбармен қисынмен жүру бізді адастырып келді және адастыра бермек.

Распен таласпа мұмин болсаң,  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!- деген хакім Абайдың сөзін есте ұстап, әдебиет пені мұғалімдері ұлы ақынымыз Абайдың еңбектерін қайта бір зерделеп, алла маңдайымызға берген шын хакім ақынымыздың даналық сөздерін ұрпақ бойына имандылық негізін қалыптастыруда тиімді пайдаланайық дегім келеді.

Қысқасы, жаратылыстану оқулықтарын жаңаша жазу керек деймін. Әйтпесе, дүниенің құпия сырлары жайындағы әлем ғалымдарының ғылыми-танымдық еңбектері мен дәлелдерін ғаламтордан қарап отырған ұрпақ алдында өзіміздің кейін қалған қараңғылығымызды көрсетеміз, оның үстіне ғылымның аты – ғылым, жас ұрпаққа жүйелі түрде, белгілі бағдарламаға негізделіп берілген таным-түсінік мөштітерде айтылатын имамдардың құтпаларына, уағыз-насихаттарына әлдеқайда өтімді болатыны даусыз. Сонда біз «екі жеп, биге шыққан» боламыз: ұлтымыздың мақтанышы, қазақтың ой алыбы, дана Абайдың еңбектерін түбегейлі зерттеп, оқушы санасы мен өмір сүру салтына терең сіңіре отырып имандылыққа тәрбиелейміз, әрі дұрыс ғылыми дүниетанымыз қалыптастыру арқылы, хакім Абай былай айтқан, Дарвин олай айтқан деп оқушының басын қатыратын дін мен ғылым арасындағы өзара қайшылыққа тосқауыл қоямыз.

Қорыта айтқанда, сөзге, діни бостандыққа еркіндік берілген мынау заманда ділімізді батыстық үлгімен бүлдірмеу үшін жастарымыздың дін мәселесінде адаспауы үшін надандықтан өздеріне-өздері қол салмас үшін күндердің күнінде елімізде қызтекелер мен еркекшоралардың некесі қиылатындай заң шығарылып, ұлтымыздың тамырына, халқымыздың діліне балта шабылмауы үшін Абай-дай хакімнің «Лай суға май бітпес», «Өлсе өлер табиғат», «Көк тұман – алдыңдағы келер заман», «Алла деген сөз жеңіл», «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңдері мен 12,13, 16, 27, 28, 34, 35, 36, 38 және 45-қара сөздерін әдебиет сабағында арнайы оқытуды, бұл тақырыптарды таратып түсіндіре алатын дін ғұламалары мен арнайы зерттеген ғалымдардың талдау еңбектері әдістемелік құрал ретінде берілсе деймін. Сөйтіп, оқулықтарды Дарвиннің «Эволюция теориясынан», «адам маймылдан жаратылды» деген жалған ілімінен тазартсақ қана хакім Абайдың данышпандығын мойындаған боламыз. Әйтпесе Абайды ұлықтауымыздың бәрі – бекер!

**Нұрлан ЕСЕЙҰЛЫ,**  
**Қаратал ОМ-нің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі.**

## Өз дініне берік бол!

# Қасиетті Қадір түні

Қамшының сабындай қысқа ғұмырын құлшылықпен өткізіп, Алла тағаланың разылығын табуды қалаған құлдар үшін ең қасиетті түн – Қадір түні. Оның қасиеттілігі сол бұл түнде жасалған құлшылықты Жаратушы Иеміз мың айда жасалған ғибадаттан артық деп қабылдайды. Мың ай қарапайым арифметикалық жолмен есептегеннің өзінде сексен үш жылдық мерзімді қамтиды. Ал кейбір ғалымдар мың деген санды араб халқы негізінен «өте көп» деген мағынада қолданады. Сондықтан Құранның: «Қадір түні мың айдан қайырлы» деген аятындағы «мың» сөзі де «өте көп» деген мағынаны береді деп есептейді. Бұл жағдайда ол сан одан да өсуі мүмкін.

Түннің «Қадір түні» деп аталуын ғалымдар бұл түнде Алла тағала адамдардың келесі жылғы тағдырын, яғни өмірі мен өлімің разық-нәсібесін, бақытты немесе бақытсыз болуын т.б. жазатындығымен байланыстырады. «Қадір» және «тағдыр» сөздерінің түбірлестігінен де осыны аңғаруға болады.

Бізден бұрынғы үмметтердің бізге қарағанда әлдеқайда көбірек өмір сүргендігі анық. Мәселен, Зұлқарнайн патшаның дәуірінде адамдар бес жүз жыл шамасында өмір сүрген. Сол дәуірлердегі адамдардың арасында мың айды ғибадатпен өткізбесе, өзін құлшылық етуші деп санамайтын кісілер болған. Олар осы мақсатқа жету үшін уақыттарын барынша ғибадат жасаумен өткізген. Ал енді жүз жыл шамасында ғана өмірі бар біздің үммет үшін мынадай мың жылға татырлық түннің нәсіп етілуі Алла тағаланың мұсылман үмметіне берген үлкен нығметі.

Түннің «Қадір» деп аталуының өзінде терең мән бар. Бұл түнде қадірлі үмметке қадірлі Кітабымыз түскен. Үмметтің қадірлі болатындығы Пайғамбарымыз (с.а.с.) мәңгі сапарға аттанарда, Жәбірейіл періштеден өз үмметі туралы сұрағанда, ол Алла елшісін (с.а.с.) екі нәрсемен сүйіншілеген болатын. Жәбірейіл періште: «Алла Тағаланың жәннатына Сен кірмейінше ешбір пайғамбар кірмейді және сенің үмметің кірмейінше ешбір үммет жұмаққа кірмейді» деп сүйіншілеген еді. Олай болса, бұл түнде қадірлі үмметтің қадірлі пайғамбарына қасиетті Құран түсті.

Құран Кәрім – мұсылмандар өміріне басшылық ететін пайда мен зиянның, жақсы мен жаманның, тура жол мен адасудың ара жігін ажыратып беретін баға жетпес құнды кітап. Олай болса, мұминдер үшін бұл кітап түскен түннің қадірі аса жоғары екендігі сөзсіз. Әрине, ғалымдар арасында Құранның түскендігі анық, алайда оның жер бетіне немесе көктің соңғы қабатына түскендігі туралы әркім пікірлер бар. Бір топ ғалымдар: «Құран Қадір түнінде аспанның соңғы қабатына бүтіндей түскен, содан соң жиырма үш жыл бойында Пайғамбарымызға (с.а.с.) жеке-жеке аят, суре қалпында түсіп отырған» деген пікірді ұстанады. Бұл топ ғалымдардың арасын да Ибн Аббас, Саид ибн Жәбир т.б. ғалымдар бар. Ал екінші топ ғалымдар «бұл түнде Пайғамбарымызға (с.а.с.) Құран Кәрімнің «Алақ» сүресі түсе бастаған» деген тұжырымды дұрыс деп санайды.

Қадір түнінде Жәбірейіл мен бүкіл періштелер жер бетіне түседі. Бұл туралы Құран Кәрімде: «Періштелер мен Рух түсіріледі» деген аят келтірілген. Мұндағы «Рух» сөзіне байланысты ғалымдар арасында Жәбірейіл періште ме, әлде ол арқылы түскен Алланың мейірімі ме, немесе одан басқа бір періште ме деген әр қилы тұжырымдар жасаған. Бірақ көп ғалымдар оны Жәбірейіл періште екендігіне тоқтаған.

Қадір түнінің нақты уақыты анық белгілі емес. Бірақ Пайғамбарымыздың (с.а.с.) хадис шәріптері Қадір түні Рамазан айының соңғы он күнінің бірі екендігіне әсіресе, тақ түндерін іздеу керектігін нұсқайды. Ғалымдардың

көзқарастары бойынша, бұл түн Рамазан айының тақ түндерінің біріне, әсіресе, 27-ші түніне сәйкес келеді. (Қараңыз: Бұхари, Қадір, 3; Мұслим, Сиям, 216)

Бұл түннің шығу тарихы жөнінде мынадай мәлімет бар: Пайғамбарымыз (с.а.с.) Алла тағалаға: «Уа, Раббым, менің үмметімнің өмірлері қысқа, амалдары аз» – деп дұға еткен. Сонда Алла тағала Пайғамбарымызға Қадір түнін сыйлады және былай деді: «Қадір түні саған және сенің үмметіңе мың айдан артық».

Қадір түніне қатысты мынадай бірнеше маңызды деректер айтылып жүр:

1- Құран Кәрім толық күйінде «Ләухул Махфуздан» дүние көгіне, Бейтул Иззетқа Қадір түні түскен. Бұл – адамзат үшін өте маңызды оқиға.

2- Бұл түнгі ғибадат – құлшылық мың айда жасалған құлшылықтан артық.

3- Алла тағала адамдардың тағдырындағы келесі жылы болатын жазмыштарды періштелеріне бұйырады.

Абдуллах ибни Аббас (р.а.) және Имам Әбул-Хаттаб

әл-Басридің айтуынша, бұл түні келесі жылға дейін болатын әр түрлі маңызды оқиғалар туралы Алла тағаланың тағдыры періштелеріне аян болады.»

4- Имам Сәһл ибн Абдуллах: «Алла тағала бұл түні мүмін құлдарына рахымын төгіп, көшірім сыйлайды,» – дейді.

5- Бұл түні Рух (Жәбірейіл періштелері) пен көптеген

